


**МАНИПУЛЯЦИЯЛАУДЫҢ ҚАУПІ ҚАНДАЙ?**

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



**АНА БҰЗЫЛСА, ҰЛТ БҰЗЫЛАДЫ...**

6-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

*Өмір бойы құмырсқадай қыбырлап еңбек еткен адам дүниеге түсініспікпен қарайды. Осы жолда өз ой-күшін, қуатын сарп етеді де, өмірді өз тағынан құлатпайды.*

**Ғабит МҮСІРЕПОВ**

№40
(4938)
Сейсенбі
7 сәуір
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Сұлтан СЕЙІТ



# ЖАЙЛЫ ҚАЛАНЫҢ СОНЫ КЕЛБЕТІ

Елордада ауа райының күрт жылынуына байланысты ауқымды абаттандыру жұмыстары басталды. «Соңғы жылдары Астанада шамамен 500 қоғамдық және аула кеңістігі абаттандырылды. Негізгі назар жаяу жүргіншілерге арналған кеңістіктерді дамытуға аударылып отыр. Биыл бас қалада 1 миллион жасыл желек отырғызу жоспарланған» деп мәлім етті Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек.




## КІТАП ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТЕДІ

Астанадағы Президент орталығында 22-26 сәуір күндері «Astana Eurasian Book Fair-2026» IX халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесі өтеді. Бұл – Орталық Азиядағы ең ауқымды мәдени-ағартушылық шаралардың бірі.

«Astana Eurasian Book Fair-2026» көрмесіне 80-ге жуық кітап шығару, ғылыми-танымдық білім беру және полиграфия компаниялары қатысады. Соның тең жартысы қазақстандық ұйымдар болса, Ресей, Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Моңғолия, Испания, Қытай, Иран, Беларусь, Португалия, Венесуэла, Ұлыбритания елдерінен 40 компания қатысқалы отыр.

«Astana Eurasian Book Fair-2026» кітап көрме-жәрмеңкесі бес күндік мәдени-іскерлік бағдарламадан тұрады. Көрме аясында жаңа кітаптардың тұсаукесері, авторлармен кездесу, автограф-сессия, балалар алаңында арнайы шеберлік сағаты өтеді.

23 сәуірде Ұлттық кітап күні мерекесіне орай Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі ұйымдастырған республикалық «Ұлттық кітап» байқауының нәтижесі бойынша жеңімпаз баспаларды марапаттау рәсіміне арналған салтанатты іс-шара ұйымдастырылады.

Көрменің салтанатты ашылу рәсімі 22 сәуір күні сағат 11:00-ге жоспарланған.

## ОҚУШЫЛАРҒА – ҰЛТТЫҚ ТАҒАМ

Бас қаламыздың мемлекеттік жалпы білім беретін ұйымдарында 1 сәуірден бастап ас мәзірі жаңарды. Енді аптаның бір күнінде оқушыларға қазақтың ұлттық тағамы – ет те берілмек.



Оқу-ағарту министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігі бірігіп әзірлеген мектептегі тамақтанудың жаңа стандарты бойынша әзірленген жаңа мәзірде еттен, балықтан немесе құс етінен дайындалған ыстық тағамдар, сонымен бірге тұтас дәнді дақыл, көкөніс, жеміс пен сүт өнімін кеңінен пайдалану көзделген. Ал денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін өнімдер мәзірден алынып тасталды. Атап айтқанда, тұз, қант және қаныққан майлар мөлшері жоғары тағамдар, шұжық өнімі, фастфуд (пицца, хот-дог), қант қосылған шырындар, спред және консерванты бар өнімдер енді ұсынылмайды. Жаңарған мәзірдің сақталуын бақылауды Астана қаласының Білім басқармасы ұйлестіреді. Сонымен қатар ата-аналар қауымдастығы өкілдері кіретін бракераждық комиссиялар мониторинг жүргізеді.

№40 (4938) 07/04/2026 Сейсенбі

АҚОРДА



# НАҚТЫ ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Элимановты қабылдады. Президентке агенттік қызметінің негізгі қорытындылары мен алдағы кезеңге арналған міндеттері жөнінде баяндалды.

Жанат Элимановтың айтуынша, бюджет шығыстарына жүргізілген мониторинг кезінде мал шаруашылығы саласына бөлінген 30 миллиард теңге субсидияны тиімсіз пайдалану тәуекелдері анықталған. Сондай-ақ ғылыми зерттеулер мен ғылыми-техникалық нәтижелерді коммерцияландыруға бағытталған 10 миллиардтан аса теңгені мақсатсыз жұмсау белгілері айқындалды. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қаражатын жымқыру фактілері бойынша 14 сотқа дейінгі тергеу басталған, ал құрылыс саласында 5,3 миллиард теңгені заңсыз иемденбек болған жандарға қатысты 21 қылмыстық іс қозғалды.

Мемлекет басшысына алаяқтық әрекеттердің алдын алу бойынша 17 қаржы пирамидасының қызметі тоқтатылғаны және банктер мен байланыс операторларының атын жамылып, арнайы құрылғылар арқылы жаппай фишингтік SMS-хабарламалар таратқан топ әшкереленгені жөнінде есеп берілді. Жалпы аудиториясы 25 мыңнан асатын 3,7 мың алаяқтық сайт және 22 топтық чат жабылған. 400-ден астам жалған құрылыс компаниясының заңсыз түрде бірінші санаттағы лицензия алуына жол берілген жоқ.

Бұдан бөлек, қылмыстық табыстарды жылыстатуға қарсы күрес саласында атқарылған жұмыстар таныстырылды. Атап айтқанда, заңсыз схемаларда қолданылған дроп-карталарға қатысты 14 сотқа дейінгі тергеу басталды, олардың есепшотындағы қаржының жалпы айналымы 13 миллиард теңгеден асқан. «Көлеңкедегі» тұлғаларға рәсімделген 68 мыңнан астам карта бұғатталған. Жалған компаниялар мен құжаттарды пайдалану фактілері бойынша 23 іс тіркелген, келтірілген залал – шамамен 13 миллиард теңге. Қаржы пирамидалары, онлайн-казино және алаяқтықтан түскен табысты жылыстатумен айналысқан 3 жасырын криптоайырбастау қызметінің жолы кесілді. Криптовалюта айырбастауға қатысты заңсыз онлайн сервистерге кіруге арналған 483 сілтеме жойылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы агенттіктің негізгі бағыттары бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.

# ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫН БЕКІТТІ

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын түсіндіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті. Тиісті қаулыға Премьер-министр Олжас Бектенов қол қойды.

Құжат Конституцияның негізгі ережелерін түсіндіру бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыруға, азаматтардың құқықтық сауатын арттыру, Негізгі Заң ережелерінен туындайтын заңнамалық шараларды жүзеге асыруға бағытталған.

Жоспар үш бағыт бойынша 36 іс-шараны қамтиды: ұйымдастыру іс-шаралары, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары және Конституцияның орындалуын құқықтық қамтамасыз ету. Атап айтқанда, ұйымдастыру іс-шаралары аясында Конституция мәтінін басып шығару және тарату, оның ішінде мүгедектігі бар адамдар үшін бейімделген форматта әзірлеу. Конституция электронды платформаларда орналасады. Сондай-ақ ғылыми-сараптамалық қамтамасыз ету, ақпараттық-көрнекі безендіру, тақырыптық материалдар шығару, көрме және ағартушылық жобаларын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарланған.

Халықтың құқықтық мәдениеті мен құқықтық сауатын қалыптастыру ісіне көңіл бөлінуде. Жоспарға оқыту семинарлары мен білім беру іс-шараларын өткізу, мектеп және ЖОО бағдарламаларының мазмұнын жаңарту, «Құқық негіздері» және «Заң мен тәртіп» курстарын, әдістемелік материалдар мен балалар басылымдарын әзірлеу кіреді. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында бірқатар іс-шара мен кешенді медиа-жоспар әзірленді.

Конституцияның жүзеге асуын құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар, оның ішінде заңнамалық шараларды іске асыру, қолданыстағы заңнаманы талдау, Негізгі Заңның нормаларын ескере отырып, стратегиялар мен тұжырымдамаларды өзектендіру шаралары бөлек қарастырылған. Жалпы жоспар Конституция нормаларын халық арасында кеңінен түсіндіруді және еліміздің Негізгі Заң ережелерінің толыққанды жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

# 11 ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ ЖАҢҒЫРАДЫ

Бұл туралы Энергетика министрлігі хабарлады. Құзырлы ведомство көмір генерациясын дамытуға арналған жаңа ұлттық жоба аясында 11 электр станциясында жаңғырту және кеңейту жобалары іске асатынын жария етті.

Олар мыналар: Ақсу ГРЭС-інің №7 энергоблогын жаңғырту (325 МВт); Екібастұз ГРЭС-2-де №3 және №4 энергоблоктарды салу (1100 МВт); Қарағанды ЖЭО-сын кеңейту (140 МВт); Өскемен ЖЭО-сын кеңейту (100 МВт); Топар ГРЭС-ін жаңғырту (250 МВт); Шахтинск ЖЭО-сын кеңейту (130 МВт); Балқаш ЖЭО және Жезқазған ЖЭО-да турбоагрегат енгізу (50 МВт); Согра ЖЭО-сын кеңейту (50 МВт); «Qarmet» АҚ-тың 2-ЖЭО-сын кеңейту (230 МВт); Степногорск ЖЭО-сын жаңғырту (30 МВт). Бұл жобаларды іске асыру нәтижесінде шамамен 2,5 ГВт көлемінде қосымша генерация қуаты енгізіліп, электр станцияларының тиімділігі артады.

МӘЖІЛІС

# АРНАУЛЫ ОРГАНДАР ТИІМДІЛІГІ АРТАДЫ

Мәжіліс «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады.

Құжат қызмет өткеруді жетілдіруге және мемлекет қауіпсіздігіне жауапты құрылымдар жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған. Сондай-ақ ол заңнамадағы олқылықтарды жойып, тиісті нормаларды қолданыстағы заңдарға сәйкес келтіреді.

Заң жобасындағы жаңашылдықтардың бірі – экстремизм мен терроризмге қарсы күрес іс-шараларын күшейту. Атап айтқанда, бұл құбылыстарға қарсы тұру ғана емес, сондай-ақ олардың пайда болу себептерін анықтау және жою ұсынылады. Сонымен қатар экстремистік және террористік материалдарды сақтауға тыйым салынады. Бұған қоса, заң жобасында мемлекеттік құпияларды қорғау деңгейін төмендету ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіреді деп танылады. Бұл олардың сақталуын бақылауды күшейтуге және бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді. Арнаулы мемлекеттік органдардың жедел бөлімшелеріне қызметке қабылдау кезінде жас шектеуін алып тастау жөніндегі норма көзделген. Сондай-ақ курсанттар, тыңдаушылар және кадеттер оқуды аяқтамаса немесе оқудан шығарылса, оқытуға жұмсалған қаражатты олардан өндіріп алу тәртібін жеңілдету ұсынылады.

Тағы бір жаңалық, Қазақстанда мемлекеттік құпияларды сақтауға қатысты жауапкершілік күшейеді. Бұл өзгеріс те Мәжіліс мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы аясында іске асады. Бұл құжат мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы бақылауды күшейтуге, сондай-ақ Мемлекеттік күзет қызметінің өкілетін кеңейтуге бағытталған. Атап айтқанда, егер мемлекеттік құпияны сақтау талаптарын бұзғаны үшін жаза тағайындалғаннан кейін бір жыл ішінде тиісті талап тағы бұзылған жағдайда, жауапкершілік енгізу ұсынылды.

ҮКІМЕТ

# ЫРЫҚТАНДЫРУ ЖАЙЫ ҚАРАЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов орталық мемлекеттік органдардың, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басшыларының қатысуымен Экономиканы монополиясыздандыру жөніндегі комиссияның отырысын өткізді.



Онда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың экономиканы одан әрі ырықтандыру және бәсекелестікті дамыту, оның ішінде тауар және цифрлық нарықтардағы кедергілерді жою, денсаулық сақтау, байланыс, электр энергетикасы, табиғи монополиялар қызметтері саласындағы реттеуді жетілдіру бойынша қойған міндеттерін жүзеге асыру мәселесіне ерекше назар аударылды.

Комиссия Мемлекет басшысының «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығының орындалу барысын қарады. Басым бағыттардың бірі – дәрі-дәрмектерді нарыққа шығару мерзімін 3-5 жылдан 100 жұмыс күніне дейін қысқарту. Денсаулық сақтау министрлігі препараттарды тіркеу мен сараптамадан өткізудің негізгі кезеңдерін біріктіретін «бірыңғай терезе» қағидаты бойынша композиттік мемлекеттік қызметті енгізуде. Халықтың инновациялық медицинаға кең ауқымда қол жеткізуін және технологиялар трансфертін қамтамасыз ету мақсатында комиссия түпкілікті цифрландыру жүргізу және сатып алудың барлық негізгі тізбелеріне дәрілік заттар мен медицина бұйымдарын қатар енгізу мәселесін қарады.

Деректерді сәйкестендіру кодтарының базасына енгізу үшін қажетті мобильді құрылғыларды верификациялау мәселесіне де назар аударылды. Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев «Телекоммуникациялар нарығын және деректерді өңдеу орталықтарын дамыту туралы» заң жобасы шеңберінде жүргізіліп жатқан институционалды жұмыстар туралы баяндады. Верификация рәсімін заңнама арқылы нақты бекіту тіркеу жүйесінің орнықтылығын және цифрлық инфрақұрылымның тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Одан бөлек, электрондық құжат айналымы жүйелері нарығын дамыту және цифрлық секторда бәсекелестік ортаны қалыптастыру бойынша да атқарылып жатқан жұмыстар туралы хабарланды. Инвестиция тарту, жаңа қуаттарды іске қосу және тариф жүктемесін теңестіру үшін енгізілген электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жұмысына қатысты сұрақтар, сондай-ақ теміржолдағы кіреберіс жолдар саласындағы мәселелерді жою жайы талқыланды. Экономиканы ырықтандыру шаралары бойынша Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр, Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин, Энергетика министрі Ерлан Ақкенженов, Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов және басқа да қатысушылар пікір білдірді. Отырыс қорытындысы бойынша Премьер-министр Олжас Бектенов мемлекеттік органдар мен ведомстволарға бірқатар тапсырма берді.

# ЖАЙЛЫ ҚАЛАНЫҢ СОҢЫ КЕЛБЕТІ

Соңғы жылдары Астанада шамамен 500 қоғамдық және аула кеңістігі абаттандырылды. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.



«Елордамызды ауқымды түрде абаттандыру жұмысын жүргізіп жатырмыз. Қалада қоғамдық кеңістіктерді (саябақтар, гүлзарлар, желекжолдар) абаттандыру жұмысының биылғы кезеңі басталды. Абаттандыру барысында көгалдандыруға ерекше назар аударылады» деді әкім.

Шahap басшысының мәліметінше, биыл елордада көгалдандыру жұмысына айрықша мән берілмек. Жоспар бойынша шамамен 1 миллионға жуық жасыл желек – көшет, бұта мен ағаш отырғызу көзделген.

Қала әкімі абаттандыу жұмысының қай маңда және қалай істеліп жатқанына тоқталды.

«Мыңжылдық аллеясында жұмыс бірден үш маңызды кеңістікте басталады: Қ.Қуанышбаев атындағы театр алдында орналасқан гүлзар, теміржол вокзалы маңындағы парк, «Нұрлы жол» вокзалының аумағы. Бұл – ұзындығы 4 шақырымнан асатын ірі желілік саябақты қалыптастырудың алғашқы кезеңі. Ол болашақта қаланың негізгі орындарын біртұтас жаяу жүргіншілер осіне біріктіреді. Сол сияқты Төле би көшесінен Әнет баба көшесіне дейін, Күлтегін көшесінен Ш.Айтматов көшесіне дейінгі Greenline жаяу жүргіншілер желекжолын (2-кезек) абаттандыру жұмысы жалғасып жатыр. Мұнда ойын және спорт алаңдары, тоғандар жүйесі және басқа да нысандар қарастырылады» деді Жеңіс Қасымбек.

Қала әкімінің жазуынша, енгізіліп жатқан өзгерістер тек шағын көшелермен шектелмей, қаланың негізгі көлік артерияларын да қамтиды. Атап айтқанда, бұл жұмыстар Ш.Қалдаяқов пен Кенесары көшелерінде, сондай-ақ Мәңгілік ел, Қабанбай батыр, Б.Момышұлы және Ұлы дала даңғылдарында жүргізіледі.

Негізгі назар жаяу жүргіншілерге арналған кеңістіктерді дамытуға аударылып отыр. Бұл бағытта кедергісіз орта қалыптастыру, қаланы көгалдандыру және тұрғындар үшін жайлы әрі сапалы қоғамдық орындар құру басты басымдыққа айналған.

«Есіл өзені бойымен жаяу жүргіншілер бағытын қалыптастыру жұмысы жалғасып жатыр. Сондай-ақ «Бейбітшілік және келісім» саябағын жаңа Конгресс-орталық бағытына қарай (2-кезек), «Қалалық романс» саябағын (2-кезек) абаттандыру жұмысы жүргізілуде және т. б. Сондай-ақ Кіші Талдыкөл аумағында эко-саябақты абаттандыру жұмысы басталады. «Тұлпар» сауда үйі жанындағы, №119 мектеп маңындағы, А.Пушкин көшесіндегі, Қ.Сәтбаев көшесі мен Б.Момышұлы даңғылының қиылысындағы гүлзарлар абаттандырылады. Б.Момышұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Р.Қошқарбаев даңғылдары және т. б. аумақтар қамтылады. Бұл жұмыс елорданың барлық ауданында жүргізіледі» деп жазды Жеңіс Қасымбек.



# ЖЕҢІЛ АҚШАНЫҢ САЛДАРЫ АУЫР

Елордамыздағы Талғат Бигелдинов атындағы №1 мектеп-лицейде 9-11-сынып оқушылары мен колледж студенттеріне арналған бірыңғай «Жеңіл ақшаның салдары ауыр» атты қысқаметражды фильм көрсетілді.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!



Басты мақсат – білім алушылардың қаржылық алаяқтық, соның ішінде дропперлік қызметтің мәні мен оның құқықтық салдары туралы түсінігін қалыптастыру, «жеңіл ақша» ұғымының астарындағы қауіпті ұғындыру, заңға қайшы әрекеттерге саналы түрде қарсы тұру дағдысын дамыту. Сонымен қатар жастардың құқықтық сауатын арттыру, жауапкершілік сезімін күшейту және күмәнді қаржы ұсынысына сыни көзқарас қалыптастыру. Көрсетілімнен кейін оқушылармен пікірталас ұйымдастырылды. Жастар фильм кейіпкерінің іс-әрекетіне өз бағасын беріп, мұндай жағдайлардың алдын алу жолдарын талқылады.

– Қазіргі уақытта қылмыстың түрлері көбейіп, оның ішінде киберқылмыс, алаяқтық, зорлық-зомбылық сияқты жағдайлар жиі кездесуде. Сондықтан мұндай қауіптердің алдын алу үшін жасөспірімдердің құқықтық білімін арттыру аса маңызды. Сондықтан оқушылар арасында құқықтық сауатты арттыру және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында арнайы іс-шара ұйымдастырылуда. Аталған кездесуге полиция қызметкерлері шақырылып, олар оқушыларға өз құқығы мен міндеті туралы кеңінен түсіндіру жұмысын жүргізді. Сонымен қатар қазіргі таңда қоғамда кездесетін қылмыс түрлері, олардың себеп-салдары және одан сақтану жолдары туралы нақты мысалдар келтіріліп, түсіндірме берілді, – деді Астана қаласы әкімдігіне қарасты Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының әдіскері Арман Тоғызбаев.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы №505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес қоғамдық талқылаулар өтетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2026 жылғы 29 сәуір сағат 10:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Заңды/жеке тұлғалардың өтініші негізінде қаралатын мәселелер:

1. Астана қаласындағы Мәңгілік ел даңғылы мен Хусейн бен Талал, Е152, Е153 (жобалық атауы) көшелерінің шекарасында «Паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй» (қабаттылығы – 1, 9, 16) нысанын орналастыру бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша. Тапсырыс беруші – Калиева А.Ж.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде b.balgozhin@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

«Астана-1» теміржол вокзалында мерзімді әскери қызметін аяқтап келген сарбаздарды салтанатты түрде қарсы алу жиыны өтті. Бұл жолы былтыр осы вокзалдан көктемде аттанып, Алматыдағы 61993 әскери бөлімінде Отан алдындағы борышын өтеп келген 37 сарбазды туыстары мен достары, әскери қорғаныс қызметінің өкілдері қарсы алды.

# БОРЫШЫН ӨТЕП ОРАЛДЫ




Райхан РАХМЕТОВА

Вокзалдағы сарбаздардың ата-аналары мен туыстарының қуанышында шек жоқ. Олар ұлдарының есімі жазылған лозунгтерді жоғары көтеріп, пойыз келіп тоқтағанша толқу үстінде болды.

Астана қаласы Қорғаныс істері департаментінің өкілі, полковник Ғани Артықов жас сарбаздарды сапқа тұрғызып, оларға және ата-аналарына алғыс білдірді.

– Ер балаларыңызды осылай мықты азамат етіп тәрбиелеп, өсіріп, әскери борышын өтеуге жібергеніңізге алғыс айтамыз. Бұл балалар өткен жылы жас бозбала болып кеткен еді. Енді, міне, нағыз сақа сарбаз, күші мығым Отан қорғаушы болып оралды. Осындай шыныққан, шымыр, ержүрек сарбаздарымыз барда атадан балаға мирас болып келе жатқан кең байтақ жеріміз бен еліміздің қауіпсіздігіне нұқсан келмей, мемлекетіміздің тыныштығы мен қорғаныс қабілеті арта береді, – деді ол.

2025 жылы көктемгі әскерге шақыру кезінде Астанадан 1200-ден астам сарбаз Отан қорғауға аттанған еді. Олардың биыл көктемде алдыңғы легі келіп те үлгерді. Солардың орнына осы жылы елордадан 1440-тан астам жас азамат әскерге жөнелтілуде. Осылайша ағалар орнын інілер басып, еліміздің тыныштығын қорғауда.

– Немерем Нұржан былтыр көктемде десантшы болып әскерге Астанадан кеткен-ді. Бір жыл уақыт зулап өте шықты. Бүгін, міне, аман-есен борышын өтеп, қайта оралды. Әскерде болған уақытында хабарласып тұрдық, ешқандай қиындық болмағанын айтты. Қолына қару ұстап, шынығып, нағыз азамат болып оралды. Техникумда оқып жатқан еді, одан академиялық үзіліс алды, енді соны жалғастырады. 18 жасында кетіп, 19 жаста келді. Өзім кезінде Түркменстанда 2 жыл әскери борышымды өтегенмін. Ұлым да әскерге барған. Сондықтан туған Отанды қорғау – әрбір ер-азаматтың абыройлы міндеті, – дейді елордалық ақсақал Төлеген Жұман.

# ДЕҢГЕЙІН ЖИ АРҚЫЛЫ АНЫҚТАЙДЫ

Бас қаладағы Барлыбек Сырттанұлы атындағы №34 орта мектептің математика пәні мұғалімі Асқарбек Шойбасов білім беру саласына тың серпін беретін «AI Tanym» атты инновация жүйесін әзірледі. Бұл – оқушылардың білім деңгейін жасанды интеллект (ЖИ) арқылы дәл анықтауға бағытталған заманауи шешім.

Аталған бастама білім алушылардың жеке ерекшелігін ескеруге мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде мұғалімдер әр оқушының қажетіне сай жеке оқу траекториясын құрып, оқыту процесін анағұрлым тиімді ұйымдастыра алады.

Жоба авторының айтуынша, жүйе әр оқушының күшті және әлсіз тұсын анықтап, соған сәйкес бейімделген тапсырмалар ұсынады. Бұл өз кезегінде оқушылардың оқу тиімділігін арттырып қана қоймай, олардың пәнге деген қызығушылығын күшейтеді. Сонымен қатар платформада оқушыларды ынталандыру жүйесі жан-жақты қарастырылған. Әрбір орындалған тапсырма үшін ұпай беріледі: жеңіл есепке – 3 ұпай, орташа есепке – 5 ұпай, қиын есепке – 10 ұпай. Сабақты толық аяқтау 25 ұпаймен, күн сайын жүйеге кіру 10 ұпаймен, ал диагностиканы өту 100 ұпаймен бағаланады. Жиналған ұпайларды түрлі сыйлықтарға, бонус сабақтарға, сертификаттарға және пайдалы кеңестерге айырбастауға болады. Мұндай тәсіл оқушылардың оқу процесіне деген тұрақты қызығушылығын қалыптастырып, оларды үздіксіз білім алуға ынталандырады.

Жүйенің тағы бір маңызды ерекшелігі – оқу процесінің медицина картасына ұқсас форматта ұйымдастырылуы. Яғни әрбір тақырып оқушы толық меңгергенге дейін жүйе тарапынан қайта ұсынылып отырады. Бұл тәсіл білімдегі олқылықтарды дәл анықтап, оларды жүйелі түрде жоюға мүмкіндік береді. Сондай-ақ «AI Tanym» платформасы жеке репетиторлар үшін де тиімді құрал бола алмақ. Өйткені ол оқушының нақты әлсіз тұсын айқындап, сол бағытта мақсатты жұмыс жүргізуге жағдай жасайды. Осылайша, астаналық ұстаз әзірлеген жаңа жүйе әр оқушының әлеуетін толық ашуға бағытталған маңызды қадам болып отыр.

№40 (4938) 07/04/2026 Сейсенбі







# «АСТАНА ТАЗАЛЫҚ» ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ЖАҢА КЕЗЕҢ

«Астана Тазалық» кәсіпорны БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз турын ұйымдастырып, қысқы маусымды сәтті аяқтағаны туралы қорытынды есеп берді. Іс-шарада қысқы уақыттағы тазалық жұмыстарының нәтижесі көрсетіліп, көктемгі санитарлық жұмыстардың барысы таныстырылды.

### ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Іс-шара басында «Астана Тазалық» ЖШС бас директоры Замир Сағынов кәсіпорында 5 жылдан астам уақыттан бері тұрақты түрде жұмыс істеп келе жатқан 7 қызметкерге тұрғын үй сертификатын табыс етті.

– Коммуналдық қызмет мамандарының жалақысы аса көп емес. Алайда жұмыстың жүктелетін жауапкершілігі зор. Сондықтан біз, әсіресе, жастарды жұмысқа тартып, оларды ынталандыру үшін кәсіподақпен бірлесіп, қызметкерлерімізге әртүрлі әлеуметтік жеңілдік қарастыруға тырысамыз. Мамандарымызға арналған спорт залы, бассейн бар. Былтыр ғимаратты жөндеуден өткізіп, 80 орындық жатақхананы пайдалануға бердік. Әкімдіктің қолдауымен тағы бір ғимаратты жөндеуден өткізіп, 17 пәтердің кілтін табыс еттік. Биыл соның жалғасы ретінде екінші деңгейлі банкпен келісімшарт жасап, 7 қызметкеріміздің өздері таңдаған пәтерінің 50 пайыздық бастапқы жарнасының сертификатын табыстап отырмыз. Ипотекалық несиенің пайыздық үстемеақысы төмен болады, – деді Замир Сағынов.

Сертификат алғандардың бірі – кәсіпорын машинисі Сәулет Жорабекұлы. Оның бұл мекемеде жұмыс істеп жүргеніне 6 жыл.

– «Астана Тазалық» мекемесінен 13 млн 250 мың теңгенің сертификатын алып отырмын. Яғни бұл – сатып алып жатқан пәтер бағасының 50 пайызы. Жалпы жұмысымыздың жауапкершілігі зор. Жазда да, қыста да өзіндік қиындықтары бар. Мысалы, жазда арнайы техникалар колоннамен жүріп көше тазалап, су шашқан кезде, жолдың жиегіндегі адамдар сигналымызды естімей жатады. Әсіресе, құлаққап таққан жастар ескертуімізді елей бермейді. Колоннаның арасына бөтен көліктерді кіргізуге болмайды. Салдары жол-көлік оқиғасына әкелуі мүмкін. Дегенмен жұмысым өзіме ұнайды, – деді Сәулет Жорабекұлы.




### 2,2 МЛН ТЕКШЕ МЕТР ҚАР ШЫҒАРДЫ

«Астана Тазалық» ЖШС бас директоры Замир Сағыновтың айтуынша, өткен қысқы маусымда құрылған жұмыс жүйесі жақсы нәтиже көрсеткен.

«Қыс маусымы басталғаннан бері 2,2 миллион текше метрден астам қар шығардық. Күн сайын 600-ден астам техника мен 750-ден аса жол жұмысшысы жұмысқа шығып отырды. Бұл, әсіресе, ақпан мен наурыздың басындағы қарлы жауындар кезінде көшелердің үздіксіз тазалығын қамтамасыз етті» деді ол.

Былтырмен салыстырғанда техника саны айтарлықтай артқан. Мысалы, сыпыру техникасы былтыр 141 болса, биыл 149-ға, тротуар техникасы 48-ден 112-ге, жүк көлігі техникасы 185-тен бірден 407-ге көбейген.

Техника әлеуеті күшейген соң, қысқы кезеңде кәсіпорынның қызмет көрсету аймағы да кеңейген. 2025 жылы 18 тазалау маршруты болса, биыл жолды тазалау маршрутының саны 20-ға артқан.

Қазіргі уақытта кәсіпорын жазғы режимге кезең-кезеңімен өтіп жатыр. Жуу кестесі бекітіліп, жұмыс жүйелі жүргізілуде. Күн сайын 580-600 жұмысшы жұмылдырылып, жол жиектері тазаланып, аялдамалар жуылады, жаяу жүргіншілер жолдары ретке келтіріледі. Қоқыс шығарылып, жәшіктер тазаланады. Тіпті кейбір тротуарды жууға арнайы сусабындар қолданылады.

Оңалхан ӨНЕРХАН



Замир Сағыновтың сөзінше, алда тротуарларды тазалауға арналған техникалар саны көбеймек. Жалпы кәсіпорын техникаларының басым көпшілігі қысы-жазы қызмет көрсетеді. Мысалы, арнайы техникалар қыста қар күрейді, ал жазда жолды сыпырып, су шашады. Жазда шаңсорғыштар, қыста тұз себетін техникалар ғана бір маусымда қолданылады.

### 1 МЛН ЛИТР ЖАНАРМАЙ ҚАЛАЙ ҮНЕМДЕЛДІ?

«Астана Тазалық» ЖШС бас директоры цифрландыру кәсіпорын дамуының басты стратегиялық бағыты екенін атап өтті. Есепті автоматтандырудың арқасында жол парағын рәсімдеу уақыты 10 минуттан 1 минутқа дейін қысқарып, медициналық тексеруде адам факторы жойылып, техниканы желіге шығару қауіпсіздігі артқан. Яғни қызметкерлер жұмысқа кіріспес бұрын базаға барып, кезекпен арнайы заманауи аппаратқа тест тапсырады. Онда қан қысымы, көз қысымы, алкогольдік ішімдік ішпегені – бәрі тексеріледі. Егер денсаулықта қандай да бар кінәрат анықталса, терапевтке жіберіліп, жұмысқа шығарылмауы да мүмкін.

Жанар-жағармай шығынын бақылауда отын деңгейін бақылау датчиктері мен бос жүрісті есепке алу арқылы жыл сайын 10 пайызға дейін үнемделсе, техниканы мақсатсыз пайдалану жойылған.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылды «Жасанды интеллект жылы» деп жариялады. Соған орай біздің кәсіпорын да цифрлық жүйені енгізуден қалыс қалып жатқан жоқ. Нәтижесінде жанар-жағармайды да үнемдедік. Атап айтқанда, алдыңғы жылмен салыстырсақ 1 миллион литр, былтырмен салыстырғанда 600 мың литр жанармай үнемделді» деді бас директор.

### ЖАТАҚХАНА ЖАЙЛЫ МА?

Баспасөз туры аясында БАҚ өкілдері «Астана Тазалық» кәсіпорнының қызметкерлеріне арналған жатақханаға барды. 80 орынға арналған жатақханада маусымдық жұмыскерлер мен 10-нан аса отбасы тұрады. Сондай отбасылардың бірі – кәсіпорында машинист болып еңбек ететін Еркебұлан Әбдуәлиевтің жанұясы.

– Осында жұмыс істеп жүргеніме биыл 11 жыл болады. Жұмысым өзіме ұнайды. Осы жерде жүріп үйлендім. Бұған дейін пәтер жалдап тұрғанбыз. 2025 жылдың соңына қарай «Астана Тазалық» кәсіпорны қызметкерлерге арнап жатақхана берді. Содан бізге де бұл жерден бір орын бұйырды. Мұнда отбасымызбен тұрамыз, 4 баламыз бар. Жатақханадағы 2 бөлмелі баспанамыз жайлы. Жиһаздары да жаңа, – деді Еркебұлан Әбдуәлиев.

**Нұрдәулет КӘКІШ**






# ТЕАТР МАҢЫН ТАЗАРТТЫ

Елордада «Таза Қазақстан» республикалық экология акциясы аясында М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрының ұжымы сенбілік өткізді. Олар мекеме аумағы мен оған іргелес кеңістікте тазалық жұмысын ұйымдастырды.

Сенбілік барысында ғимарат маңы қоқыстан тазартылып, аумақты ретке келтіру, санитарлық тазалау және абаттандыру жұмысы жүзеге асырылды. Театр қызметкерлері қоршаған ортаның тазалығын сақтауға бағытталған ортақ іске белсенді атсалысып, елордаңың көркеюіне өз үлесін қосты.

– М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры «Таза Қазақстан» акциясын белсенді қолдады. Театр ұжымы үшін тазалық пен қоршаған ортаға қамқорлық – мәдени-ағартушылық миссиясының маңызды бөлігі. Сенбілік ортақ жауапкершілік пен бірліктің көрінісі болды: қызметкерлер театр ішін және айналасын ретке келтірді, – деді М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры директорының орынбасары Александра Кустовская.

Бастама тек бір реттік акция шеңберінде ғана емес, қоғамда тазалық мәдениетін орнықтыруға, экологиялық жауапкершілікті арттыруға және қоршаған ортаға ұқыпты қарау дағдысын қалыптастыруға бағытталған маңызды қоғамдық жұмыс ретінде жалғасты. Тазалық пен тәртіпті сақтау – ортақ сана мен жауапкершіліктің көрінісі. Айта кету керек, алдағы күндері Мәдениет басқармасына қарасты мекемелерде сенбіліктер мен абаттандыру жұмыстары жалғасады. Қызметкерлер театрлар аумағын, тарихи ескерткіштер мен мәдениет ошақтарының айналасын тазалауды кезең-кезеңімен жүргізеді.

# БҰҚАРАЛЫҚ САНАНЫ МАНИПУЛЯЦИЯЛАУДЫҢ ҚАУПІ ҚАНДАЙ?

Төлең ТІЛЕУБАЙ



Қазіргі таңда белгілі бір ақпарат – жай ғана коммуникация құралы ғана емес, сондай-ақ қоғамдағы адамдардың санасына ықпал ететін қуатты құрал. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы және әлеуметтік желілердегі сананы бұрмалауға арналған ақпараттардың көбейгені соншалық, оны шынайы ақпараттан ажыратудың өзі қиынға соғады. Ақпараттық технологиялар дамыған сайын, қара ниетті адамдар қоғамдағы қорғансыз жандардың санасын билеп, басқарудың неше түрлі айла-тәсілдерін ойлап табуда. Осылайша, олар әлеуметтік желілер арқылы аңқау адамдарды жалған ақпаратқа сендірудің жолдарын тауып, қоғамдық пікірге белгілі бір ықпал жасап, өз арам ойларын жүзеге асырып жүр.

Бір алаңдатарлығы, бұрмаланған ақпарат бүгінгі медианың күнделікті тәжірибесіне айналып кетті. Оған мысал, кликбейттік тақырып, я болмаса, мәнмәтіндік бұрмалау. Мысал келтірейік. Өткен жылы отандық ақпараттық кеңістікте «Шай в большом городе» фильміне қатысты дау-дамай болғанын білеміз. Әлеуметтік желіде фильмді насихаттау мақсатында түрлі манипуляциялар жасалып жатқаны туралы пікірлер көбейді. Журналист Кәмшат Тасболат осы мәселеге байланысты фейсбук желісінде көлемді жазба жариялап, фильм командасы мен блогер Құралай ханымның әрекетін өткір сынға алды. Әріптесіміз Кәмшат Тасболат өз жазбасында фильмге адам тарту үшін қолданылған тәсілдерді «манипуляция» деп атады: «Достар, анау «Шай в большом городе» деген фильмге адам тарту үшін неше түрлі манипуляцияның жасалып жатқанын көріп отырмыз» деп жазды әріптесіміз. Бұл жерде ең үлкен дау тудырған мәселе – Құралай ханымның қоғам белсенділері мен фильмге сын айтқандарға қарата айтқан сөзі. Оның «Отан» сөзін боғауыз мағынасында қолдануы журналистің ашуын туғызған. Кәмшат Тасболат бұл сөзге құқықтық баға берілу қажеттігін атап өтті: «Құралай ханымның «Қолынан түк келмейтін, бітірген дымы жоқ, сыншы диванбатырлар отанымды жемей, 3000 теңгеге зарламай, барып қолдаңдар Мөлдірді» деген сөзіне құқықтық баға беріле ме? Заң аясында шара қолданыла ма?» деп сауал тастады.

Тағы бір мысал. Еліміздегі ақпараттық кеңістікте көп талқыланған оқиғаның бірі – «Лизаның ісі» деп аталады. Онда Германияда жоғалып кеткен Лиза атты қыздың зорлық-зомбылыққа ұшырауы ойдан шығарылып жазылғаны әшкере болды. Бұл жерде сириялық мигранттардың көбейгеніне қатысты ақпаратты бұрмалау тәсілі қасақана сәтті берілген. Босқындарды осы оқиғаға кінәлі етіп көрсетудің формасы қоғамды адастырып, белгілі бір сананы қалыптастыруға ықпал етті. Алайда соңынан жалған оқиғаның әшкере болғанын күллі әлем естіп-білді.

Қоғамды да, билікті де алаңдатып отырған жайттың бірі – қазір құпия телеграм-арналар жалған ақпарат таратудың, бұқараның санасын бұрмалаудың тетігіне айналды. Бұл туралы Үкімет басшысының орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева ашық мәлімдеме жасады. «Қазір біз бұл мәселеге көз жұмып қарай алмаймыз. Біздің нақты ұстанымымыз – фейктерді әдейі таратып, қоғамды адастыратын ақпарат арқылы арам ниетін іске асырмақшы болған адамдарды қатаң жазалау. Менің ойымша, құпиялық арандатушылардың қалқаны бола алмайды. Бұл жерде Qirsabyn телеграм-арнасына қатысты позитивті тәжірибеміз бар. Ендеше осы арнаның басшылығымен келіссөздер жүргізіп, іске нүкте қоюымыз қажет» деді құзырлы министрлік басшысы. Аида Ғалымқызының пайымдауынша, ақпараттық кеңістіктегі ережелер мен заңдар баршаға ортақ. Оны шынайы өмірде де, цифрлық кеңістікте де ешкімнің бұрмалауға, сол арқылы қоғамды адастыруға қақысы жоқ.

Бұқаралық ақпарат құралдарында бірнеше мәрте көтеріліп, шешімін таппай келе жатқан мәселенің бірі – тренингтер арқылы бұқараның санасын улау. Қаңтар айында Мәжіліс депутаты Жарқынбек Амантайұлы Мәдениет және ақпарат министрі мен Бас прокурорға онлайн курстар мен тренингтерге қатысты депутаттық сауал жолдады. Ол елде пайдасынан зияны басым тренингтік курстардың көптігін және оларға қарсы қатаң шара қолдану қажеттігін алға тартты. «Мәселенің өткір өзектілігі мен азаматтардың санасын улаудағы ауыр салдарын ескере отырып, қайта көтеруге мәжбүрміз. Бүгінде жарнамасы жаңғырып тұрған тренингтер азаматтарымызға пайда емес, керісінше, рухани, психологиялық және қаржылық зиян келтіріп отыр. Мысал келтірейін. vybor.kz интернет платформасы арқылы өз қызметін белсенді түрде насихаттайтын MINDFULNESS оқу орталығы үш сатылы тренинг ұсынады» деді депутаты. Жарқынбек Амантайұлының айтуынша, үш сатылы тренингтің құны мынадай:

Бірінші, жалпы курс – 50 000 теңге.

Екінші, трансформациялық курс – 95 000 теңге.

Үшінші, көшбасшылықты дамыту курсы – 150 000 теңге.

Онлайн форматтағы «эмоциялық еркіндік» курсының құны 200 000 теңгеге жетеді. «Осындай «креативті ойлауды», «тиімді коммуникацияны», «шешен сөйлеуді» тегін үйретеміз деп уәде беретін орталықтар да аз емес. Олардың қатарында шетелдік «Вектор», «Лидер-мотиватор» секілді атаумен жұмыс істейтін орталықтар бар. Бірақ барлығының жұмыс істеу әдісі бір. Таңертең қатысушылардың телефондарын жинап алады. Одан кейін психологиялық және моральдық қысымға негізделген «ақыл-кеңестер» арқылы адамның жеке кеңістігіне қол сұғып, санасын біртіндеп улайды. Содан кейін не болады? Әрине, өзінің талап-міндеттерін оңай орындата бастайды. Курстың бірінші бөлігінде адамды көпшілік алдында жеке проблемасын ашық айтуға мәжбүрлейді. Бірі жылайды, бірі айқайлайды, бірі күледі, бірі билейді. Тіпті кейбіріне еденді тілімен жалау, бір-бірінің түкірігін ішкізу сияқты айтуға ауыз бармас сорақы әрекеттер жасатады» деп қосты ол.

Ең сорақысы, депутаттың айтуынша екінші курста жағдай одан әрі ушығады екен. «Ер адамға әйел киімін киіп, көшеде жүру тапсырылуы мүмкін немесе өзін «бомж» кейпіне салып, қоқыс маңында тамақ жеу талап етіледі. Осылайша бұл тренингтер адам санасын тәжірибе алаңына айналдырады. Ал курс аяқталған соң қысымның жаңа түрі басталады. Қатысушыға міндетті түрде үш адамды курсқа тарту талабы қойылады. Орындай алмаса тағы да қорқыту, психологиялық қысым, әуелде өзі әшкерелеген қылмыстары мен айыптарын жариялау, жобадан шығарамыз деген сынды үрей туғызады. Ай-күннің аманында қарапайым азаматтарды рухани күйретіп, психологиялық тұрғыда әлсіретіп, қаржылай тонауға жол беруге болмайды. Мұндай сорақылықты тренинг емес, деструктивті секта ретінде қарап, қатаң шара қолдану керек деген пікірлер де қоғам тарапынан айтылады» деп жалғады сөзін халық қалаулысы. Сайып келгенде, депутат осыған байланысты, тексеру жүргізуді, азаматтарды қорлау, психологиялық қысым көрсету, мәжбүрлеу және манипуляция белгілері бар әрекеттерге құқықтық баға беріп, анықталған фактілер бойынша нақты шаралар қабылдауды сұрады. Мұндай тренингтік бағдарламаларды лицензиялау, сертификаттау және мемлекеттік реттеу тетігін енгізу қарастыру керек деп сауалын нақтылады ол.

Бұл мәселені газетте біз де бірнеше рет жаздық. (қараңыз: «Арзан ақыл неге қымбат?», Т.Тілеубай, «Астана ақшамы»., 13 қыркүйек, 2025 жыл).

Инфосығандық ағымның құрбаны болған жандар көбеймесе, азаймай отырғаны қынжылтады. Инфосығандық – интернеттегі жаңа ағым. Инфосығандар – интернетте, әлеуметтік желілерде ешбір құндылығы жоқ арзан ақылын (курс, семинар, тренинг, дәріс, кітап т.б.) сатып, аңқау адамдарды тақырға отырғызып жүрген арамзалар. Қазір инфосығандықтың етек алуына үш фактор әсер етті: білім алудың «сәнге» айналуы, жас ұрпақтың әлеуметтік желілерге тәуелділігінің артуы, адами құндылықтардың құнсыздануы. Шынын айтсақ, қазір жеңіл, жылтырақ, мәнсіз, мағынасыз нәрсеге үйірміз. Жеңіл жолмен байығыш блогерлер осы мүмкіндікті сәтті пайдаланып жүр. Instagram мен Tik-Tok-ты ашып қалсаң, түкке тұрмайтын нәрседен пранк жасау, миллионер-блогердің ұтыс ойындарына, онлайн-марафондарына қатысу – бұлардың бәрі жастарды еліктіріп әкетуде. Алғашқы аузынан шыққан сөзі: «Өзіңді өзгерт!», «Өміріңді өзгерт!», «Өзіңді жақсы көр!» дейтін ауа сатқыштар күйзелісте жүрген жандардың (ақшадан тарыққандар, тұрмыстан қажығандар, аурудан шаршағандар, жұмыстан жалыққандар, оңы мен солын айырмаған жастар) барлық мәселесін шешетін «әмбебап дәрі» ұсынады. Блогер әлеуметтік желіде шалқыған өмірін: қымбат көлігін, шетелдегі демалысын, миллиондарын шашқан мерекелерін, брендтік заттарын жылтыратып көрсетіп, эйфорияда жүрген адамның «жанды жерін» тап басады. «Өмірімді өзгертемін» деп тұзаққа өзі түседі. Бұл – адамдардың миына, санасына жасалып жатқан шабуыл. Адал еңбек пен кәсіби машықты жоққа шығаратын, адами құндылықтардың жойылуына алып баратын зұлым күш. Ендеше, бұған заң жүзінде тосқауыл қоюымыз керек.

# МҰҒАЛІМ УАҚЫТЫН САБАҚҚА АРНАУЫ ТИІС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру жүйесін дамыту мәселелері жөніндегі отырыстарда мұғалімдерді өзіне тән емес функциялардан босату, артық есептілікті қысқарту қажеттігін ерекше атап өткен болатын. Бұл ретте педагогтің негізгі міндеті – сапалы білім беру мен тәрбие жұмысына толыққанды көңіл бөлуі тиіс екені нақты айқындалды. Аталған ұстаным Аманат партиясының сайлауалды бағдарламасында да жүйелі түрде көрініс тапқан.

Соңғы жылдары Қазақстанда білім беру жүйесін цифрландыру бағытында айтарлықтай қадамдар атқарылуда. Солардың ішінде Kundelik.kz платформасы оқушылар мен мұғалімдер арасындағы байланысты жеңілдетуге және білім сапасын арттыруға арналған құрал ретінде енгізілді. Алайда тәжірибе көрсеткендей, платформа өз миссиясынан ауытқып, мұғалімдердің негізгі кәсіби функциясы – сабақ беру мен бала тәрбиесі екінші орынға ысырылып, қосымша есеп пен формализмге айналып келеді.

Цифрлық трансформацияның мақсаты – уақытты үнемдеу және тиімділікті арттыру екені баршаға мәлім. Бірақ, бұл тұрғыда ол мұғалімдер үшін қосымша жүктеме болып отыр. Мысалы, аптасына 25 сағаты бар мұғалім Kundelik.kz-те күніне 1-1,5 сағат уақыт жұмсауына тура келеді. Яғни күнделікті тақырыптық жоспар жасау, үй тапсырмаларын қадағалау, бағалау және оқушының түсінгенін талдауды электронды күнделікке енгізу қосымша уақытты талап етеді. БЖБ және ТЖБ кезеңінде бұл жұмыс көлемі екі есеге артатыны айтпаса да түсінікті. Нәтижесінде – мұғалімнің сабаққа дайындалатын уақыты қысқарады.

Халықаралық ұйымдардың бағалауынша, Қазақстанда мұғалімдердің апталық жүктемесі орта есеппен 36 сағат болса, оның тек 23 сағаты сабаққа жұмсалады, ал қалған бөлігі дайындық, тексеру, есеп және әкімшілік жұмысқа кетеді. Мұғалімдердің шамамен 25 пайызы артық әкімшілік жүктемені стресс көзі деп санайды екен. Бұдан түйетін ой, білім беру саласындағы парадокс – қағазбастылықтан арыламыз деп жүріп мұғалімдерді цифрлық есептілікке байлап қойдық. Бастапқы идея қандай еді?! Мұғалімді артық есептен босатып, оның уақытын оқушыға бағыттау болды. Нәтижесінде, қағаз азайды, бірақ есеп беру саны азаймады, еркіндік артпады, керісінше, бақылау күшейді.

Озық елдерде цифрлық платформаның мұғалімге қалай қызмет ететінін көруге болады. Мәселен, Финляндияда мұғалім автономиясы сақталады, платформа тек қысқа кері байланыс құралы саналады. Ал Сингапурде ақпарат бір рет енгізіледі, жүйе қолдау көрсетеді, бақыламайды. Эстонияда цифрлық платформа автоматтандырылған, уақыт үнемдейді, қосарланған есеп жоқ.

Қазақстандағы қазіргі жүйеде мұғалім педагог емес, операторға айналып, сабақ сапасы емес, журнал толтыру сапасы бағаланады. Сондықтан Үкіметке мынадай нақты іс-шараларды ұсынамын:

1. Kundelik.kz функционалын қайта қарап, тек оқыту процесіне қажетті деректер қалдыру маңызды.

2. Мұғалімнің цифрлық жүктемесіне аудит жүргізу; нақты қанша уақыт платформаға кететінін анықтау керек.

3. Халықаралық модельге көшу – жүйе мұғалімге қызмет етуі тиіс, мұғалім жүйеге емес.

Осындай үдерістерді басшылыққа алмай, білім беру саласында сапаны арттыру қиын болады.

**Наталья ДЕМЕНТЬЕВА,**
**Мәжіліс депутаты**



№40 (4938) 07/04/2026 Сейсенбі



ЖИ арқылы жасалды

# АНА БҰЗЫЛСА, ҰЛТ БҰЗЫЛАДЫ...

ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның мүшесі, Қазақстан халқы Ассамблеясының Республикалық аналар кеңесінің төрағасы Нәзипа Шанаймен сұхбат.

**– Құрметті Нәзипа Ыдырысқызы, сіз 2014 жылғы бір сұхбатыңызда тастанды балалардың көбейгенін айтып, «Қоғам азды ма, адам азды ма?» деген сауал тастаған едіңіз. Бүгінде осы мәселеге көзқарасыңыз қалай өзгерді?**

– Бұл сұрақ, өкінішке қарай, әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Менің ойымша, тастанды балалардың көбеюі – тек қана адамдардың моральдық деңгейінің төмендеуін көрсетпейді, сонымен қатар, әлеуметтік жүйенің ақаулығын, экономикалық қиыншылықтарды, білім мен мәдениет деңгейінің төмендігін де білдіреді. Біріншіден, қоғамның «азуы» деп айтып отырғанымыз – адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастар мен этикалық нормалардың төмендеуі. Қазіргі таңда көптеген адамдар өздерінің жеке басының ғана қызығушылығын жоғары қояды, қоғамдық жауапкершіліктерге немқұрайлы қарайды. Отбасылық институттың әлсіреуі, әсіресе жастардың арасында тастанды балалар санының көбеюіне әсер етіп отыр. Екіншіден, «адам азды ма?» деген сұраққа жауап беру де оңай емес. Кейде қоғамда әлеуметтік теңсіздіктер мен мүмкіндіктердің жетіспеушілігі салдарынан да көптеген әлеуметтік мәселелер туындайды. Мысалы, денсаулық сақтау, білім беру және жұмыспен қамту салаларындағы жүйелік проблемалар әлеуметтік шиеленістерді арттырып, көптеген адамдарға қолдау көрсету жүйесінің әлсіздігін көрсетеді. Бұл да өз кезегінде тастанды балалардың көбеюіне әкеледі. Сондықтан бұл мәселеде бір жақты көзқараста болу қиын. Яғни, тастанды балалардың көбеюі – тек моральдық құлдыраудың емес, сонымен қатар әлеуметтік жүйенің әлсіздігі мен экономикалық қиыншылықтардың белгісі. Қоғамның азуы – тек жеке адамдардың моральдық деңгейінің төмендеуі ғана емес, сонымен қатар үлкен әлеуметтік, экономикалық және саяси мәселелердің айқын көрінісі. Мейлі, қалай десек де, біз жесірін қаңғыртпаған, жетімін жатсынбаған халық едік. Ал бүгін кей жағдайда жетімін аяудың орнына, оны қорлайтын, тағдырына жауапкершілік алудың орнына сырт айналатын қоғамға айналып бара жатқандаймыз. Бір кезде елді дүр сілкіндіретін оқиғалар – бүгін қалыпты жаңалыққа айналып барады. Шақалақты дәретханаға тастап кету, көліктен лақтырып жіберу сияқты жантүршігерлік жағдайлар бұрын қоғамды есеңгіретететін. Ал қазір біз оған селт етпейтін күйге жеттік. Жетім балалар тек ата-анасынан айырылғандықтан ғана көбеймей жатыр. Оның астарында терең әлеуметтік себептер бар. Соның бірі – отбасындағы зорлық-зомбылық. Әйелге қол көтеру, анаға құрметтің азаюы – бұл тек бір отбасының емес, тұтас қоғамның трагедиясы. Мысалы, бірнеше баланың әкесі өз әйелін өлтіріп, өзі сотталып кетеді. Нәтижесінде артында қалған балалар – тірі жетім болады. Сондықтан біз мұны кездейсоқ құбылыс емес, қоғамның бетіндегі ашық жара деп қарауымыз керек. Егер бүгін емдемесек, ертең оның іріңі бүкіл қоғамға жайылады. Бұл – ұлттық сапамызға тікелей әсер ететін мәселе. Өйткені мейірімсіз қоғам – әлсіз қоғам. Енді бұдан шығудың жолына келсек, ең алдымен, отбасы институтын күшейту керек, әйелдің қоғамдағы мәртебесін нақты көтеру қажет, зорлық-зомбылыққа нөлдік төзімділік қалыптастыру керек, балаларға деген жауапкершілікті заңмен ғана емес, санамен бекіту керек. Сонымен қатар, мейірімділік тәрбиесін жүйелі түрде енгізу қажет. Мектептен бастап, балабақшадан бастап балаға тек білім емес, адам болуды үйретуіміз керек. Өйткені қоғамды заң ғана емес, жүрек тәрбиесі өзгертеді. Егер біз мейірімді ұрпақ тәрбиелей алсақ, жетім мәселесі өздігінен азая бастайды.

**– Ұлтты тәрбиелейтін ана деп жатамыз. Қазақ тарихын қарап отырсақ та, қай кезеңдерде болмасын ұлтты аман алып қалған аналардың рөлі ерекше болғаны белгілі. Бүгінгі қоғамда ананың орны мен беделі қандай деңгейде деп ойлайсыз?**

– Қазақ «ана – ұлттың тұтқасы» деп бекер айтпаған. Ана – тек отбасының емес, тұтас ұлттың тірегі. Ол – бірліктің ұйытқысы, тәрбиенің қайнар көзі, руханияттың негізі. Сондықтан біз ананың қоғамдағы орнын күшейтпей, ешқандай мәселені толық шеше алмаймыз. Осы мақсатта біз «Аналар кеңесі» аясында үлкен жұмыс жүргізіп келеміз. Бүгінде бұл бастама ел бойынша кеңейіп, мыңдаған ананың басын біріктірген қоғамдық күшке айналды. Бұл – жай ұйым емес, бұл қоғамға бағыт беретін, тәрбиеге ықпал ететін орта. 2021 жылдан бері «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» жобасын жүзеге асырып келеміз. Бұл жоба арқылы біз ананың тек отбасы ішіндегі емес, қоғамдағы рөлін де күшейтуді көздейміз. Сонымен қатар, біз бұрынғы әжелер институтын заманауи форматта қайта жандандыруға кірістік. Өйткені қазақ қоғамында әже – тәрбиенің алтын көпірі болған. Ертегі айту, ұлттық құндылықтарды жеткізу – бәрі сол кісілер арқылы жүзеге асқан. Қазір біз бұл тәжірибені балабақшаларда енгізіп жатырмыз. Балаларға ертегіні тек айту емес, оны мультфильм, сахналық көрініс арқылы жеткізуге мән берудеміз. Бір ауыз сөзбен айтқанда, егер біз балалар үйін азайтып, балабақшаны көбейтсек, ойын-сауық орындарының орнына білім мен руханият ордаларын арттырсақ, сонда ғана біз ұлт ретінде өзімізді сақтай аламыз.

**– Бүгінгі келін – ертеңгі ана. Ендеше кешегі келін мен бүгінгі келіннің арасында қандай айырмашылықтар бар деп ойлайсыз?**

– Бұл сұраққа біржақты жауап беру қиын. Себебі мәселе тек келінде емес, ең алдымен, ене институтында. Қазақ қоғамында ене – келінді қабылдаушы ғана емес, оның тағдырына жауапты тұлға. Егер келін дәстүрлі тәрбие мен жауапкершілікті түсінетін ененің қолына түссе, онда ол қазақы өмір философиясымен қалыптасады. Сондықтан бүгінгі қоғамда «келін қандай?» деген сұрақтан бұрын, «ене дайын ба?» деген сұрақ маңыздырақ. Бұрын келін босағаны оң аяқпен аттаған сәттен бастап өзін сол әулеттің анасы ретінде қабылдаған. Ол: бұл үйдің берекесі мен абыройына жауаптымын, осы шаңырақты өсіру менің міндетім деп түсінген. Бұл жазылмаған заң, ар-ұят кодексі еді. Ал бүгін кей жағдайда енелер ұлын келіннен қызғанып жатады. Мұндай жағдайда дұрыс тәрбие беру қиын. Ене өз рөлін түсінгенде ғана, ол тек келінді емес, болашақ ананы тәрбиелеп жатқанын ұғынады. Ене – отбасының медиаторы, модераторы. Ол – әулеттің ішкі мәдениетін, қарым-қатынас жүйесін қалыптастыратын негізгі тұлға. Бөтен ортадан келген қызды сол әулеттің құндылықтарына бейімдеу күшпен емес, парасатпен, үлгімен, мейіріммен жүзеге асады. Бұл – үлкен даналықты талап ететін процесс.

**– Қазіргі жастар арасында «ұят» ұғымы әлсіреп бара жатқан жоқ па? Бұл ұлттық болмысқа қауіп төндірмей ме?**

– «Ұят» – қазақ дүниетанымының өзегі. Бұл – қарапайым немкетер сөз емес, ішкі моральдық бақылау тетігі. Абай Құнанбайұлы ұяттың екі түрін айтады ғой. Біріншісі – орынсыз ұялу (надандық), екіншісі – ар-ожданнан туатын шынайы ұят. Нағыз ұят – адамның ішкі мәдениетінің көрсеткіші. Ол иманмен тығыз байланысты. Бірақ иманды тек діни рәсімдермен шектеуге болмайды. Иман – мінез, әдеп, жауапкершілік. Бұл қасиетті қалыптастыруда ананың рөлі ерекше. Ана қыздың бойына «ұят болады» деген түсінікті дұрыс сіңірсе, қоғам да түзеле бастайды.

**– Иә, Әбу Насыр әл-Фараби де «тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» дейді ғой. Бүгінгі білім беру жүйесінде осы екеуінің тепе-теңдігі сақталып отыр ма?**

– Бұл – өте маңызды мәселе. Бүгін біз білімге басымдық беріп, тәрбиені екінші орынға ысырып қойғандаймыз. Әрине, мектеп пен балабақшада тәрбие жоқ емес, бірақ оның сапасы мен бағыты әркелкі. Қазіргі қоғамда балаға: «жақсы оқы», «мансапқа жет», «табысты бол» деген мақсаттар көбірек қойылады. Бірақ «қандай адам болу керек?» деген сұрақ көлеңкеде қалып қояды. Білім – адамның рухани кемелденуіне қызмет етуі тиіс. Сонда ғана атақ пен мансаптың да мәні болады. Әрине, біз мықты маман дайындап жатырмыз, бірақ жақсы жар, жауапты әке, парасатты ана болуға үйретіп жатырмыз ба? Мәселе осында. Өйткені отбасы жай ғана әлеуметтік құрылым емес қой. Ол – тәрбие мектебі. Егер адам отбасының мәнін түсінбесе, онда оның білімі де, мансабы да оны толық адам ете алмайды. Сондықтан ажырасу, жалғызбасты аналардың көбеюі, тастанды балалар мәселесі – мұның бәрі тәрбиенің әлсіреуінен туындайтын салдар. Сондықтан бүгінгі білім беру жүйесі тек ақпарат берумен шектелмеуі керек. Ол тұлға қалыптастыруы тиіс, өмірге дайындауы керек, отбасылық құндылықтарды сіңіруі қажет. Яғни мектеп пен балабақшада «қалай табысқа жетемін?» дегеннен бұрын, «қалай адам болып қаламын?» деген сұраққа жауап берілуі тиіс. Сонда ғана біз тек білімді емес, толыққанды, жауапты, саналы ұрпақ тәрбиелей аламыз.

**– Жасыратыны жоқ. Қазір біз рухани білім әлсіреген қоғамға тұспа-тұс келіп отырмыз ғой. Оның үстіне қазіргі жастардың кітап оқуға қызығушылығы төмендеп бара жатқандай. Осыны арттыру үшін қандай жолдар тиімді деп ойлайсыз?**

– Бұл бағытта мемлекет деңгейінде де жұмыстар атқарылып жатыр. Соңғы жылдары «оқитын ұлт» қалыптастыруға бағытталған түрлі ұлттық бастамалар мен мәдени жобалар жүзеге асуда. Бұл – болашаққа салынған инвестиция. Қазіргі буынның кітаптан алшақтауына 90-жылдардың әлеуметтік қиындықтары да әсер етті. Сол кезеңде өскен ұрпақ – бүгінде ата-ана. Оған қоса, цифрлық технология мен жасанды интеллекттің ықпалы артты. Дегенмен бұл – өтпелі кезең. Ең бастысы – кітапқа деген мәдениетті ерте жастан қалыптастыру. Мысалы, Еуропа елдерінде балаға 6 айынан бастап кітап ұсынылады. Ол оны жыртса да, ұстаса да, кітаппен байланыс орнайды. Бұл тәжірибені әр отбасы өзінен бастай алады.

**– Сонда сіз қазіргі балалардың сұранысына сай қазақ әдебиеті жеткілікті деп ойлайсыз ба?**

– Әрине, жеткілікті. Мәселе – таңдауда. Мысалы, «Қан мен тер» – халық тағдырын терең түсіндіреді, «Аласапыран» – тарихи сананы қалыптастырады. Осындай шығармаларды оқыған бала өз халқының тарихын түсінеді, тағдырын сезінеді, ұлттық болмысты бойына сіңіреді. Ал поэзия – жанды нәзіктендіреді. Көркем әдебиет – ойлауды тереңдетеді. Кітап оқитын адам сабырлы, ойлы, мәдениетті, эмпатиясы жоғары тұлға болып қалыптасады. Әдебиет – адамның ішкі әлемін байытып, оны толыққанды тұлғаға айналдыратын ең қуатты құралдардың бірі.

**– Оқымайтын ұрпақ ойламайтын, ойлай алмайтын ұлт қалыптастырады. Сізше, мұның алдын алу жолдары бар ма?**

– Шынында да бүгінгі таңда баланың тәрбиесінде ата-ананың ықпалы әлсіреп, оның орнын көше мен смартфон басып бара жатыр. Мәселен, бұрынғы бала әженің ертегісін тыңдап өсті, ананың әлдиімен ұйықтады, әкенің сөзімен бағыт алды. Ал қазір туғаннан телефон ұстап өседі, экраннан тәрбие алады, алгоритм не көрсетсе, соны көреді. Бұл – өте қауіпті үрдіс. Өйткені экран тәрбие бермейді, ол тек ақпарат береді. Ал ақпараттың бәрі тәрбие емес. Смартфонға тәуелді ұрпақ ұзақ ойлануға дағдыланбайды, терең оқымайды, дайын ақпаратты ғана тұтынады. Осылайша біз «құлтемір» сияқты ойламайтын, тек қабылдайтын адамдарды тәрбиелеп алу қаупіне келіп тұрмыз.

**– Газет-журнал, кітап оқу мәдениетін қалай қалыптастырамыз?**

– Қанша жерден цифрлық дәуір десек те, сапалы баспасөздің орны бөлек. Газет-журнал – тек ақпарат көзі емес, ол қоғамдық ойдың айнасы. Бүгінде қоғамдағы ең өткір мәселелерді көтеріп, батыл сын айтып жүрген сапалы басылымдар да бар. Онда терең талдау, шынайы пікір, ұлттық мүдде көрініс табады. Газет оқитын адам ойлайды, салыстырады, қорытынды жасайды.

Ал әлеуметтік желі көбіне дайын пікір ұсынады. Сондықтан біз газет-журналды ескіліктің қалдығы емес, ойлы қоғамның құралы ретінде қарауымыз керек. Сондықтан оқу мәдениетін қайтару – бұл тек білімнің емес, ұлттық қауіпсіздіктің мәселесі.

**– Егер бұл үрдіс жалғаса берсе, ұлттың интеллектуалдық деңгейіне қандай қауіп төнеді деп ойлайсыз? Және осындай Цифрлық дәуірде ата-ана баламен рухани байланысты қалай сақтап қалуы керек?**

– Әрине, бүгінгі таңда ақпараттың қолжетімділігі артты, бірақ сонымен бірге ойлау таяздана бастағаны да жасырын емес. Интернет адамға жылдамдық береді, бірақ ол әрқашан тереңдік бере алмайды. Әлеуметтік желілердегі ақпарат көбіне қысқа, үзік-үзік, эмоцияға құрылған. Адам соған үйреніп алады да, ұзақ отырып, бір ойды қорытып оқуға төзімі жетпей қалады. Ал кітап – сабыр талап етеді. Ол адамды тоқтатуға, ойлануға, салыстыруға, ішкі диалог құруға мәжбүрлейді. Кітап оқыған адам мәселені біржақты емес, көпқырлы көреді. Ал тек желіден ақпарат алатын адам көбіне дайын пікірді тұтынады. Сондықтан мәселе «кітап керек пе, жоқ па?» дегенде емес. Мәселе – біз қалай ойлайтын ұлт болғымыз келеді дегенде. Егер біз тек ақпаратты қабылдайтын емес, оны саралайтын, талдайтын, сүзгіден өткізетін ұлт болғымыз келсе, онда кітаптың орнын ештеңе баса алмайды. Цифрлық дәуір бізге мүмкіндік берді, бірақ сонымен бірге үлкен қауіп те әкелді – ойламау қаупі. Соған қарсы тұратын жалғыз құрал – терең оқу мәдениеті.

Сұхбаттасқан **Шапағат ӘБДІР**



# КЕУДЕСІ САРҚЫЛМАС ОЙДЫҢ КЕНІ

Ұлттық академиялық кітапханада белгілі ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, ыбырайтанушы, ахметтанушы ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Серікбай Оспанұлымен «Сарқылмас кеудем менің – ойдың кені» атты шығармашылық кездесу өтті.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

Кеш барысында қаламгердің «Ыбырай жолы», «Ахметтану», «Ақынның жаны», «Мейірім бастауы – бесік жыры», «Серікбай: лебіз, ілтипат» атты кітаптарының таныстырылымы ұйымдастырылды. Автордың ғылыми еңбектері мен көркем туындыларының рухани құндылығы, ұлттық әдебиет пен ағартушылық бағыттағы ізденістері кеңінен сөз болды.

Серікбай Оспанұлы оқырман қауымға «Жер жүрегі», «Жарқын жастық», «Қайнарбұлақ», «Қоңыраугүл», «Алтын арқау» сынды жыр жинақтарымен жақсы таныс. Оның өлеңдеріне жазылған Алтынбек Қоразбаевтың «Сағындым Алматымды», Қалибек Деріпсалдиннің «Айлы түнде», Мұхтар Сәдібековтің «Шилі өзен» әндері ел арасына кеңінен тараған. Жалпы ақынның 200-ден астам өлеңіне ән жазылған. Балаларға арналған бірқатар өлеңдері 2-4 сыныптардың «Ана тілі», «Қазақ тілі» оқулықтарына енгізілген.

Серікбай Оспанұлы көпшілікке тек ақын, ғалым, публицист ретінде ғана емес, қолөнер шебері, ұлттық мұраның жанашыры ретінде де белгілі. Ол ағаштан ұлттық ыдыс-аяқтар мен музыкалық аспаптар жасайды. 1997 жылы Алматыдан Қостанайға көшіп, жергілікті университетке қызметке орналасты. Шәкірт тәрбиелеп, ғылыммен айналысты, кандидаттық диссертация қорғады. Сонда Намазалы Омашев пен Бауыржан Жақып жетекшілері болды. Шығармашылық кездесуде көрнекті ақын, драматург, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серік Тұрғынбекұлы сөзін әзілмен әдіптеп, кеш иесінің адами болмысына тоқталды.

«Серікбайдың қырлары да, сырлары да, жырлары да көп. Ол ақындықтан ғалымдық биікке көтерілді. Ғалымдық – асқар шың. Сол шыңға екінің бірі шықпайды» деген Серік Тұрғынбекұлы тілектестігін жеткізді.

Белгілі журналист, жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қайсар Әлім бүкіл жастық шағы кеш иесімен бірге өткенін, Серікбай Оспанұлының басқа еңбектерін айтпағанда, «Сағындым Алматымды» әні өшпестей болып тарихқа жазылғанын, былтыр ақынның 80 жас мерейтойына орай Алатау баурайында дәл осы атаумен шығармашылық кеші ұйымдастырылғанын, биыл Қостанай облысы ақынды Мемлекеттік сыйлыққа ұсынып жатқанын атап өтіп, бәйгеден озып шығуын тіледі.

Әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Серік Негимов Серікбай Оспанұлының ғалымдығына тоқталып, «Мейірім бастауы – бесік жыры» еңбегінде қазақтың бес мың жылдық тарихы қамтылғанын, сол арқылы автор өзін тарихшы, этнограф, мәдениеттанушы ретінде танытқанын ерекше айтты. Осы кітабы мен «Ыбырай жолы» қазіргі заманға нағыз керек еңбектер екенін, олар шын мәнінде халықтың қазынасы екенін, жалпы қай-қайсы еңбегін алса да ұлттық руханиятқа қосылған сүбелі үлес екенін атап өтті.

«Қазір Ыбырайдың ұлы идеяларынан алыстап кеттік. Бізге бүгінде сол идеялар керек» деп сөзін түйіндеді ғалым.

«Қазақ газеттері» серіктестігінің бас директоры, академик Дихан Қамзабекұлы Ыбырай Алтынсарин мен Ахмет Байтұрсынұлын білетіндей болсақ та, оған әлі толық бойламағанымызды, Серікбай Оспанұлының ыбырайтану мен ахметтануға қосқан үлкен үлесіне тоқталды. Ақын сырбайтануға да түрен салғанын жеткізді.

Шығармашылық кездесу ән мен жыр шалқыған кешке ұласып, осы жиынды ұйымдастырған ақынның Астанадағы шәкірттері ұстаздарына құрмет көрсетіп, иығына шапан жапты.

# МЕНІҢ ІШІМДЕ КІМ ОТЫР?

Сіз кімнен, неден қорқасыз? Әлде... Менің кейде өз-өзіме таңырқап қарайтын кезім болады. Астана көшесінде алшаң басып келе жатқанымда осы арада бұрын болғандай, осы жерде тұрғандай сезінемін. Бірақ мүлде болмағанмын. Бойымды үрей билейді.

**Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ**

Үрей – адам психикасының табиғи қорғаныс механизмі. Ол бізді қауіптен сақтап, тірі қалуға көмектеседі. Бірақ кейде үрей шынайы қауіп жоқ жерде де пайда болады. Сонда мынадай сұрақ туады: менің ішімде сөйлеп тұрған кім, болмаса менің ішімде кім отыр?

Сіз мені қорқақ екен демеңіз. Ол қорқақтық емес. Ол – басқа дүние. Психологияда үрей көбіне адамның өткен тәжірибесінен туындайды. Бала кезіндегі сын, үлкендерге айтқаныңның қабылданбауы, ұят сезімі, қорқыныш – бәрі санадан тыс деңгейде сақталады. Кейін сол естеліктер ішкі дауысқа айналады. Бұл дауысты кейде «ішкі сыншы» деп атайды. Ол адамды сақтандырғысы келеді, бірақ шектен тыс белсенді болса, керісінше, дамуға кедергі жасайды.

Ойлы оқырман жақсы білуге тиісті орыс ақыны Сергей Есениннің

«Чёрный человек,
Чёрный, чёрный,
Чёрный человек.
На кровать ко мне садится,
Чёрный человек
Спать не даёт мне всю ночь...

Он читает мне жизнь» дейтіні бар. Шығармада лирикалық кейіпкерге түн ішінде «қара кісі» келіп, оның өмірін, қателіктерін, күнәларын бетіне басады. Міне, менде де сондай бір түсініксіз сәттер болады. Өзіңмен-өзің жынды адамдай тілдесесің, жоспар құрасың. Оны ұнатпаған соң талқандайсың. Қиялың қанат қағады, армандарыңның барлығы қолжетімді жерде тұрғандай сезіледі. Бірақ ештеңе де жоқ.

Осындай сәт әйгілі швейцариялық психолог, психиатр және «аналитикалық психология» бағытының негізін қалаушы Карл Юнгтің басынан да өткен сияқты. Себебі үрейді адамның «көлеңкесімен» байланыстырады. Ол: «Көлеңке – біз қабылдамайтын, жасыратын қасиеттеріміз. Егер адам өз әлсіздігін мойындамаса, ол үрей түрінде көрінуі мүмкін. Демек, «ішімде отырған» – бөтен біреу емес, менің қабылданбаған бөлігім» дейді.

Ал әлгі Карл Юнгтің ұстазы, атақты психолог Зигмунд Фрейдтің теориясында адамның психикасы үш бөліктен тұрады: ид (түпсана), эго (ішкі мен) және суперэго (жоғарғы мен). Суперэго – талап қоятын, бақылаушы, бағалаушы бөлік. Кей жағдайда үрей осы қатаң ішкі бақылаушының әсерінен күшейеді. Адам өзіне тым қатал болып, үнемі қателесуден қорқады. Қазіргі психологияда үрейді көбіне когнитивті бұрмаланулармен байланыстырады: Адам шынайы фактіге емес, өз ойына сенеді. Сол ой уақыт өте келе шындық сияқты қабылданады. Сондықтан «ішімде кім отыр?» деген сұрақтың жауабы – бұл менің өткен тәжірибем, қорғаныс механизмім, ішкі сыншым. Үрей жау емес, ол белгі болуы мүмкін. Оны басқару керек, әйтпесе адамды басқара бастайды.

Психология тұрғысынан алғанда, үреймен күресудің жолы – оны жоққа шығару емес, түсіну. Оның қайдан шыққанын тану, оны қабылдау үшін мүмкін білікті маманның көмегіне жүгіну керек шығар, кім білсін?

Сіз бірақ абдырап қалмаңыз, салмақты ойды сарапқа салыңыз, сол арқылы өзіңізді таныңыз.



## АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 31.03.2026 №510-1057

### Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Дене шынықтыру-сауықтыру кешені» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Шет және Жолымбет көшелері қиылысы ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 1,5417 га, жер учаскелері 2026 жылғы 3 маусымнан бастап 2027 жылғы 3 маусымға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

**Астана қаласының әкімі Ж. ҚАСЫМБЕК**

**Астана қаласы әкімдігінің 2026 жылғы « 31» 03 №510-1057 қаулысына қосымша**

**Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі**

| Р/с № | Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі | Меншік иесі және жер пайдаланушы | Жер учаскесінің ауданы (ш.м.) | Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.) | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің нысаналы мақсаты | Құқығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1 | 21-319-059-925 | Урпекова Шолпан Нурсейтовна | 50 | 50 | Астана қ., «Сарыарқа» ауданы, Чехов көшесі, №35 учаске | Сауда павильонын орналастыру үшін | 20.04.2014ж. дейінгі мерзімге уақытша қысқа мерзімді жер пайдалану |
| 2 | 21-319-059-710 | Қаратай Қаламқас Қаражанқызы | 18 | 18 | Астана қ., «Сарыарқа» ауданы, Шет көшесі, №8 үй маңында, №4 жеке гараж | Гаражды пайдалану | Жеке меншік |
| 3 | 21-319-059-334 | «Астаналық Сауда-Инвестициялық Компаниясы» ЖШС | 23,2 | 23,2 | Астана қ., «Сарыарқа» ауданы, Шет көшесі, №8 үй маңында, №6 жеке гараж | Гаражды пайдалану | Жеке меншік |
| 4 | 21-319-059-716 | Пацукевич Александр Григорьевич | 186 | 151 | Астана қ., «Сарыарқа» ауданы, Чехоев көшесі (№37 үй ауданы) | Тұрғын емес үй-жайларды пайдалану | Жеке меншік |

Қалалық ардагерлер ұйымының кеңесі, тексеру комиссиясының төрағасы
**Меңдықұлов Қайдар Амантайұлының**
қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

№40 (4938) 07/04/2026 Сейсенбі

# ӘБЖАН АҚЫННЫҢ ӘЛЕМІ

Ұлттық академиялық кітапханада белгілі ақын, аудармашы Әбжан Әбілтайдың 75 жас мерейтойына орай жарық көрген «Сөз киесі» атты жаңа кітабының таныстырылымы өтті.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**



Әбжан Әбілтай – қазақ әдебиетіне және оның көркем аударма саласына елеулі үлес қосқан ақын. Еңбек жолын аудандық газеттен бастаған ол ұзақ жылдар бойы облыстық «Торғай таңы» газетінде журналистік шеберлігін шыңдап, еліміздің танымал қаламгерлерінің қатарына қосылды. Өлең-жырлары қалың оқырманның көңілінен шығып, ел арасында «Арқаның арқалы ақыны» атанды. Тоқсаныншы жылдардың аяғында ақын елордаға қоныс аударып, орталық атқарушы органдарда мемлекеттік тілді дамытуға, қазақ тілінің терминологиялық сөздігін жетілдіруге, аударма ісін дамытуға атсалысты.

Таныстырылымды тізгіндеген белгілі ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағының Астана қалалық филиалының директоры Бауыржан Бабажанұлы ақынды таныстыра келе, оның қазақ әдебиетіне қосқан үлесіне тоқталды. Әбжан Әбілтайдың қаламынан «Қарлығаш», «Көктем бояулары», «Жүрекжарды», «Жер басып жүрген соң...», «Дүниежалған», «Тіл мен жақ», «Жүрегімнің сүзгісі» сияқты кітаптар дүниеге келді. Жазушы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Эмиль Золя, Николай Гоголь, Иосиф Бродский сияқты әлем әдебиеті классиктерінің туындыларын тәржімалап, Сергей Есенин, Евгений Евтушенко, Роберт Рождественский, Андрей Вознесенский, Камол Насрулло, Гулрухсор Сафиева өлеңдерін қазақша сөйлетті.

Ал «Сөз киесі» – «Кәусар» баспасынан жарық көрген автордың көпжылдық шығармашылық ізденісі мен азаматтық ұстанымының жиынтығы. Төрт бөлімнен тұратын еңбекте оның қоғамдағы сан алуан құбылыстар мен адами болмыс туралы ой-толғамдары, әр кезеңдегі өзекті мәселелерді қозғаған публицистикалық мақалалары, түрлі басылымдарда жарық көрген жүрекжарды жазбалары мен арнаулары топтастырылған. Замандастарының ақын шығармашылығы, азаматтық келбеті туралы жазған мақалалары мен естеліктері, өлеңмен өрілген лебіздері кітаптың соңғы бөлімінде берілген.

Таныстырылымда лебіздер легін Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп бастады. Ол Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын оқып берді. Одан соң Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлкеновтің лебізі мен сый-сыйпаты тапсырылды. Көрнекті ақын, драматург, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серік Тұрғынбекұлы Әбжан Әбілтайды болмысы бөлек ақын ретінде сипаттап, досы Кеңшілік Мырзабеков одан үлкен үміт күткенін, Әбжан ақын сол үмітті ақтағанын жеткізді. Әбжан Әбілтай мен Мағжан Жұмабаев екеуінің арасында параллель жүргізіп, Әбжанның Мағжанға ұқсастықтары жайлы әңгімеледі, Әбжанға ақындық Торғай даласына танымал атасы Сейдахмет ақыннан дарығанын айтты.

Белгілі жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Мәди Айымбетов «Сөз киесі» кітабында ақынның бүкіл болмысы жатқанын айта келе, аудармашылық еңбегіне тоқталды. Иосиф Бродскийді аударғанда оның өлеңдерін қазақы ойдың, қазақы нақыштың иіріміне салғанын атап өтті. Мемлекеттік қызметте жүрсе де, қолынан қаламын тастамағанын айтты.

Белгілі журналист, жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қайсар Әлім ақынның атасы Сейдахмет Бейсенұлының ақындық алымына тоқталып, оның өлеңдері Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиеттанытқыш» атты еңбегіне енгенін айтып өтті. «Елім деген» Сейдахмет ақынның бойындағы бүкіл жақсылық шөбересі Әбжанға жұғысты болғанын жеткізді. Ғафу Қайырбеков, Сырбай Мәуленов, Кеңшілік Мырзабеков ақын болғанмен, қара сөзге де жүйрік болғанын айта келе, Әбжан Әбілтайдың публицистикалық қарымы да зор екенін атап өтті. Ақынның қарапайымдығына, жазған өлеңдерін ешқайда тықпаламайтынына тоқталып, оның жырлары түптің түбінде оқырмандарын табатынын айтты.

Белгілі жазушы, кинодраматург Айгүл Кемелбаева ақынның поэзиясына, аудармашылық еңбегіне тоқтала келе, «Әбжан Әбілтай – өз бағасын білетін ақын» деді. Белгілі жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Өріс Яшүкірқызы Әбжан Әбілтайдың ақындығын танығанына жарты ғасыр болғанын айтып, жырларын өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан жоғары бағалап келе жатқанын айтып өтті. Ақынның туған ағасы, білім саласының үздігі Жәнібек Ғапбасұлы жылы лебізін жеткізді, Самат Асқаруұлы арнауын оқыды. Қазақ радиосының ардагері Күләш Молдахметова бастап, Әбжан Әбілтайдың өзі өлеңдерін оқыды. Оның өлеңдеріне жазылған әндер шырқалып, күй күмбірледі. Кешті түйіндеген ақынның өзі жиналғандарға алғыс айтты.

# ЖАҢА МУРАЛ САЛЫНДЫ



Елорданың Сарайшық ауданында Қуанышбаев көшесі, 11/4 мекенжайындағы ғимараттың қасбетіне табиғаттың жаңаруы мен қаланың көркем келбетін бейнелейтін «Қыз өссе, елдің көркі» атты жаңа мурал салынды.

Қабырғаға салынған туынды қалалық кеңістіктің маусымдық жаңаруы мен өңірдің мәдени болмысын айшықтайтын тұжырымдамаға негізделген.

Гүлдермен көмкерілген қыз баланың бейнесі көктемнің келуін, табиғаттың қайта түлеп, жаңаруын және далаға тән үйлесімділікті білдіреді.

Композицияда кейіпкердің назары көше кеңістігі мен LRT желісіне ауған. Бұл – қала инфрақұрылымының дамуын сырттай бақылап, алдағы оң өзгерістерді күтуінің символдық көрінісі. Осы арқылы туындыда мәдени мазмұн мен заманауи урбанизация үдерістерінің байланысы көрініс тапқан.

Идея авторы әрі муралдың суретшісі – Темірлан Әбенов.





МЮЗИКЛ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

10/04 19:00

Qazaqconcert




«Ғұн бабалар»

10/04 19:00

Филармония залы



«АТАМЕКЕН-АЙ»

12/04 18:00

Qazaqconcert


# «ШАЛҚАР» МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛДЫ

Елордада «Қазақстан республикалық теле-радиокорпорация» АҚ басқарма төрағасы Ернұр Бураханның ұйтқы болуымен «Шалқар» радиосының 60 жылдығына арналған тастаяқтан турнир өтті.




Белгілі жазушы, ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, кезінде Қазақ радиосында еңбек еткен Қойшығара Салғараұлының батасымен ашылған жарысқа қоғам қайраткерлері, аға буын қаламгерлер, өнер иелері қатысты.

Жарыс қорытындысында бас жүлдені Парламент Сенатының депутаты Алтынбек Нұхұлы, екінші орынды «Хабар» агенттігінің музыкалық продюсері Талант Арғынғали, ал үшінші орынды Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының әртісі Қуандық Қыстықбаев жеңіп алды. Ал үздік ойыншылар арнайы дипломмен марапатталды.

# «БАЛА ТОЛАҒАЙ» АНЫҚТАЛДЫ

Астанада Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 мектепте «Толағай» спорт залының ашылуына орай «Бала Толағай» ұлттық спорттық жарысы өтті.



Жарысқа елорда мектептерінен жиналған 10 команда қатысып, ұлттық спорт түрлерінен өзара бақ сынады. Қатысушылар бұқа тартыс, ләңгі тебу, қап көтеру, арқан тартыс, серке көтеру, бес асық, садақ ату және найза лақтыру секілді сайыстарда өз шеберлігін көрсетті.

«Біздің мақсатымыз – Қажымұқан, Балуан Шолақ, Жақсылық Үшкемпіров сынды тұлғалардың жолын жалғайтын, әлемдік аренада көк туымызды желбірететін рухты, тәрбиелі, Отанын қорғай алатын батыр жігіттер мен ару қыздарды тәрбиелеу. Бүгінде біз әлемнің 20-дан астам мемлекетінде өнер көрсетіп жүрміз. Жуырда Түркия еліне барып, өнерімізді таныстырып қайттық. Сонымен қатар, көршілес мемлекеттер де бізді арнайы шақыруда. Алдағы уақытта ұлттық спортымызды әлемге кеңінен таныту бағытында жұмысымызды жалғастыра береміз» деді «Толағай» спортының негізін қалаушы Темір Спатай.

Іс-шара барысында ұлттық спортты дамытуға үлес қосып жүрген азаматтарға ерекше құрмет көрсетіліп, оларға алғыс білдірілді. Осы бағытта аянбай еңбек етіп, ұлттық құндылықтарды насихаттауға сүбелі үлес қосқан бірқатар азаматқа арнайы алғыс хат табысталды. Ал үздік өнер көрсеткен командалар марапатталып, арнайы бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

**Тапсырыс № 40**

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

**Редакция мекенжайы:** 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

**Va-reklama@mail.ru**
**aqsham1990@mail.ru**

**Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**